

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 16 сәуірдегі № 219 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 23 мамырда № 9464 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 11 маусымдағы № 520 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 11.06.2015 № 520 бұйрығымен.

1998 жылғы 24 наурыздағы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21–1–бабының 1–тармағына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулығы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің: «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы» 2011 жылғы 1 қыркүйектегі № 455 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылғы 10 қазанда № 7243 болып тіркелген, «Казахстанская правда» газетінің 2011 жылғы 5 қарашадағы № 353-354 (26744-26745) санында жарияланған) :

«Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 1 қыркүйектегі № 455 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 2013 жылғы 1 наурыздағы № 159 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2013 жылғы 11 наурызда № 8370 болып тіркелген) бұйрықтарының күштері жойылған деп танылсын .

3. Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті (И.В.Лепеха) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары Е.З. Тургумбаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр
Қазақстан
Ішкі
2014
№
219
бөлігімен
бекітілген

Қ. Қасымов

Республикасы
министрінің
сәуірдегі

**Қазақстан Республикасы ішкі істер
органдарының жол қозғалысы қауіпсіздігін
қамтамасыз ету жөніндегі
НҰСҚАУЛЫҒЫ 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды нақтылайды. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жол-патрульдік полициясы саптық бөліністерінің (бұдан әрі – ЖППСБ) жұмысын ұйымдастыруды белгілейді.

2. Ішкі істер органдары Жол-патрульдік полициясы жұмысының құқықтық негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – ӘҚБтҚРК), Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы», «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы», «Жол қозғалысы қауіпсіздігі туралы», «Жол жүрісі туралы» (бұдан әрі – Жол жүрісі туралы) заңдары, Қазақстан Республикасының қоғамдық, жол қауіпсіздігі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілері және осы Нұсқаулық болып табылады.

3. Жол-патрульдік полициясы қызметтің жұмысында:

1) жол-патрульдік полициясының бекеті – жол-патрульдік полициясының қызметкерлері өздеріне жүктелген міндеттерді орындайтын (аварияларды талдау, жоғары тұрған орнадар мен лауазымды адамдардың нұсқаулары мен өкімдері, жоспарлар, полицияның кешенді күштерін бірыңғай орналастыру негізінде) белгілеген нақты орын.

2) жол-патрульдік полициясының жасақшасы - қоғамдық тәртіпті, қоғамдық және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ қылмысқа қарсы күрес мақсатында бекеттер мен патрульдеу бағыттарында нысанды киімде қызмет атқару үшін тағайындалған ЖППСБ қызметкері немесе бірнеше қызметкері.

3) жол-патрульдік полициясының стационарлық бекеті - арнайы қызметтік үй-жайлармен жабдықталған, жедел-техникалық және арнайы құралдармен, инженерлік және өзге де құрылыстармен жарақталған, сондай-ақ оларға

жауаптылық аймағы бекітілген жол-патрульдік полициясы саптық бөліністері жасақшаларының қызмет атқаратын орны.

4) патрульдеу бағыты - командирлер белгілеп, басшылық бекіткен жол-патрульдік полициясы саптық бөліністерінің қызметкерлері өздеріне жүктелген міндеттерді орындайтын автомобиль жолының (көшенің, автомагистральдың) учаскесі (аварияларды талдау, жоғары тұрған органдар мен лауазымды адамдардың нұсқаулары мен өкімдері, жоспарлар, полицияның кешенді күштерінің бірліктерін шоғырландыру негізінде).

5) патруль көлігі – ішкі істер органдарының балансында тұратын және бекет ведомосіне қосылған жол-патрульдік полициясының көлік құралдары (автомобиль, мотоцикл, автобус). Патруль автомобильдері сыртына бейнеленген түсті графикалық сызбамен және жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталған күйі, сондай-ақ аталған түсті графикалық сызбасыз және сигналдар беруге арналған жабдықсыз қолданылуы мүмкін.

2. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезіндегі жұмысты жоспарлау, есепке алу және талдау

4. Жоспарлау қолда бар күштер мен құралдарды есепке ала отырып, жедел жағдайды, қызмет көрсететін аумақтағы апаттылықтың жай-күйін, қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмысқа қарсы күрес жағдайларын, жол-патрульдік полициясының саптық бөліністерінде заңдылық пен тәртіптің сақталуын талдау және болжау негізінде жүзеге асырылады.

5. Жол-патрульдік полициясы саптық бөліністерінің жұмыс жоспарлары Ішкі істер департаменті (бұдан әрі - ПД), әкімшілік полиция басқармасының (бөлім, бөлімше) қалалық, аудандық ІПБ (бұдан әрі - ҚАІПБ) бастықтарымен келісіледі және ішкі істер органы (бұдан әрі - ІІО) бастықтарының қызмет жөніндегі орынбасарлары бекітеді. ІІО бастықтарының қызмет жөніндегі орынбасарларының келісімі бойынша әкімшілік полициясы басқармаларының (бөлім, бөлімше) бастықтары жоспарларға өзгерістер мен толықтырулар енгізе а л а д ы .

6. Жоспарлы кезең аяқталған соң жоспарланған іс-шаралардың орындалғаны туралы жоспарды бекіткен басшыға баяндалады. Қандай да бір іс-шара орындалмаған жағдайда есепте (еркін нысанда) жағдайдың себебі және қажет болса орындаудың жаңа мерзімі көрсетіледі. Жоспарлардың орындалу қорытындысы ПД бастықтарының немесе/және ПД, ҚАІПБ бастықтарының қызмет жөніндегі орынбасарлары жанындағы жедел кеңесте қаралады.

7. Жоспарлардың орындалуын бақылауды ПД, (ҚАІПБ) Әкімшілік полициясы басқармаларының (бөлім, бөлімше) бастықтары жүзеге асырады.

8. ЖППСБ-да олардың алдында тұрған негізгі міндеттерді орындау үшін маңызы бар мәліметтерді тіркеу, есепке алу және талдау ұйымдастырылады. Тіркеуге, есепке алу мен талдауға жол-көлік оқиғалары, жол қозғалысы саласындағы қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтар және олар туралы хабарламалар, олардың алдын алу бойынша қабылданған шаралар, ЖППСБ жеке құрамының арасындағы тәртіп пен заңдылықтың жай-күйі туралы деректер, ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктер мен азаматтардың, сондай-ақ ЖППСБ-нің жұмысына жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ұсыныстары жатады.

3. Күштер мен құралдарды орналастыру

9. ЖППСБ жұмысы күштер мен құралдардың бар-жоғын, оларды жол қозғалысы қарқынды жерлерде шоғырландыру принциптерін ескере отырып, ұйымдастырылады. Бұл ретте қызмет көрсетілетін аумақтағы апатты жағдайдың, қылмыс пен құқық бұзушылықтардың жай-күйі, автомобиль жолдарының ұзындығы мен олар арқылы жүретін қозғалыс жағдайларының ерекшелігі, тәуліктің әр түрлі сағаттарында, апта күндерінде, жыл мезгілдерінде көлік пен жаяу жүргіншілер қозғалысының қарқыны ескеріледі.

10. ЖППСБ күштері мен құралдарын орналастыру жасақтарды шығарудың тәулік сайынғы орташа нормасын есепке ала отырып, Департаменттер бекіткен бекеттер мен патрульдеу бағыттарының орналасуына (бұдан әрі – орналастыру, орнықтыру) сәйкес осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

11. Орнықтыру оқиға бойынша жедел жағдайды және апатты ахуалдың жай-күйін талдау негізінде автомобиль жолдары бойынша жол қозғалысының ерекшеліктері мен жағдайларын, кәсіпорындардың, оқу орындарының, сауда орталықтарының, жұмысы көлік құралдары мен жаяу жүргіншілер ағымының эпизодтық ұлғаюына байланысты сервис объектілерінің жұмыс режимін ескере отырып , ә з і р л е н е д і .

12. Бекеттер мен патрульдеу бағыттары міндетті түрде және апта күндері немесе тәулік бойы қалыптасқан жедел жағдайға байланысты қойылатындар болып бөлінеді. Күштер мен құралдарды маневрлеу туралы шешімді саптық бөліністің командирі қабылдайды және осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша взводтың (бөліністің) жасақшаларын орналастырудың бекеттік в е д о м о с і н е б е л г і л е н е д і .

13. Бекеттер мен патрульдеу бағыттарына осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада бекет (патрульдеу бағыты) карточкасы жасалады. Карточкалар саптық бөліністің кезекші бөлімінде сақталады және

қызмет өтеу уақытында ЖППСБ қызметкеріне беріледі. Бекет (патрульдеу бағыты) карточкасы қызметте пайдалану құжаты болып табылады және тек жол-патрульдік полициясы инспекторларының қызмет атқаруын бақылауды жүзеге асыруға құқылы ішкі істер органдарының лауазымды адамдарына көрсетілуі тиіс.

4. Жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті атқару нысандары мен мақсаттары

14. Жол-патрульдік полициясының қызмет атқару нысандары:

- 1) автомобильдермен және мотоциклмен патрульдеу;
- 2) ж а я у п а т р у л ь д е у ;
- 3) бекеттерде, оның ішінде стационарлық бекеттерде қызмет атқару;
- 4) көлік құралдарын ілесіп алып жүру және эскорттау;
- 5) тікұшақпен патрульдеу болып табылады.

15. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жол-патрульдік полициясының инспекторлары түсті графикалық сызбамен әрі жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталған, сонымен бірге аталған түсті графикалық сызбасы әрі жарық және дыбыс сигналдары жоқ көліктерімен (кейінгісі - тәуліктің жарық кезінде ғана) жүзеге асырады.

16. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде қызмет атқару нысандарын жүзеге асыру туралы шешімді саптық бөліністің командирі әкімшілік полициясы басқармасы бастығының немесе оның орнындағы адамның келісімімен қабылдайды, бұл туралы бекеттік ведомосте тиісті жазба жасалады. Бекеттік ведомостерді ЖППСБ взводының (бөлімшесі) әрбір командирі жүргізеді және взвод (бөлімше) орналасқан жерде сақталады. Күштер мен құралдардың қызметін ұйымдастыру және басқару үшін взводтардың (бөліністер) бекеттік ведомствілерінен келіп түскен ақпаратты тәулік сайын жол-патрульдік полициясының қызметкерлерін орналастыру жоспарында қорытып, жинақтайды.

17. Жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің барлық нысандарында патруль автомобилі мен жол-патрульдік полициясының инспекторы жол қозғалысының қатысушыларына көрінетіндей болуы тиіс. Патруль автомобильдері көрінуін шектейтін қандай да бір тосқауылдың (ағаштың, ғимараттың, құрылыс қоршауының, жарнама тақтасының) тасасына, сондай-ақ көлік құралын тоқтатуға немесе қоюға болмайтын жерге орналаспайды, бұл талаптар жаяу жасақшаларға да қолданылады.

18. Жасақшалар арасындағы өзара іс-қимыл және олардың бірлескен іс-қимылдарын үйлестіру радиобайланыстың көмегімен жүзеге асырылады.

19. Патрульдік автомобиль осы Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес

жол-патрульдік полициясы патрульдік жасақшаларының жеке құрамын және патрульдік автомобилін жабдықтаудың тиесілік табелі бойынша жабдыкталады.

20. Жаяу патрульдеу жолдардың ұзындығы бойына ұзақ емес (1,5 км. дейін), қозғалыс қарқыны бойынша шиеленісті және апаттық жағынан қауіпті жол учаскелерінде қозғалысқа бақылау жасау үшін қолданылады.

21. Жол-патрульдік полициясының стационарлық бекеттерінде (патрульдеу бағыттарында) **ЖППСБ** қызметкерлеріне:

1) жол қозғалысының қауіпсіздігін бақылау, қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу, өкімдік-реттеу қызметін жүзеге асыру ;

2) қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу мақсатында көлік құралдарын, жүктерді, тіркеу және жүргізу құжаттарын, көліктік-ілесіп жүру құжаттамаларын тексеру;

3) жүргізушілері жол-көлік оқиғалары орнынан қашып кеткен көлік құралдарын іздеу ;

4) анықтау, тергеу және сот органдарынан жасырынып жүрген, қылмыстық жазаны атқарудан қашып жүрген адамдарды іздестіру және ұстау;

5) іздеудегі көлік құралдары мен адамдарды, сондай-ақ қылмыстық мақсаттарда пайдаланылатын қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды, есірткілер мен құрамында есірткі бар заттарды заңсыз тасымалдайтын көлік құралдарын, сондай-ақ өзге де қылмыстарды жасауда күдікті адамдарды анықтау ;

6) жүргізушілерден орын алған фактілер немесе жолда болған шабуыл қатерлері туралы, сондай-ақ жолдардың жай-күйі, жолдағы жағдайлар, түнгі уақытта жолдың жүріс бөлігінде қалдырылған көлік құралдары туралы сұрап білу ;

7) бекет аймағында түнгі уақытта тоқтап қалған көлік құралдарының жүргізушілеріне, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін табиғи апаттар мен ауа-райы бұзылған жағдайларда жәрдемдесу;

8) адамдарды, көлік құралдарын, тіркеу және жүргізу құжаттарын, көліктік-ілесіп жүру құжаттамаларын, оның ішінде айдап әкетілген және ұрланған көлікті, іздестірудегі адамдарды базалар бойынша тексеру, көлік құралдарын тінту, жедел-алдан алу іс-шараларын өткізу кезінде ішкі істер органдарының қызметкерлеріне көмек көрсету;

9) жолдардың жай-күйі, ауа-райы жағдайлары, көлік құралдары мен қалдырылған көлік құралдарының кептеліске түсуі және қалдырылған көлік құралдары туралы қажетті ақпарат жинау және оны кезекші бөлімге ұдайы беру жүктеледі .

22. Стационарлық бекеттер жасақшаларының құрамына қызмет атқару үшін

департаменттердің, сондай-ақ ҚАІБ басшыларының шешімі бойынша полицияның басқа бөліністерінің қызметкерлері тартылуы мүмкін.

23. Стационарлық бекеттер осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша стационарлық бекеттердің тиесілік табеліне сәйкес жабдықталады.

24. Өтіп жатқан көліктерді тексеруге қолайлы болуы, бұл ретте жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бекетке іргелес аумақ жақсы жарықтандырылған болуы тиіс.

25. Қызмет атқарудың негізгі мақсаттары:
жол қозғалысына қатысушылардың тәртібін бақылау;
оларды құқыққа қарсы әрекеттерден сақтандыру;
құқық бұзушылықтардың жолын кесу;
өкімдік-реттеу іс-қимылдарын жүзеге асыру.

5. Арнайы техникалық құралдарды пайдалану

26. Көлік құралдарының қозғалыс жылдамдығын анықтауға арналған өлшеу құралдары, басқа да «Қазақстан Республикасы Жол қозғалысының ережелерін, Көлік құралдарын пайдалануға жіберуі жөніндегі негізгі ережелер мен жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша лауазымды адамдар мен жол қозғалысына қатысушылардың міндеттерін және Арнайы түстік-графикалық схемалар бойынша арнайы түстік және дыбыстық белгілермен жабдықталуға және боялуға жататын жедел және арнайы қызметтердің, көліктің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 қарашадағы № 1650 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Жол қозғалысы ережелерін (бұдан әрі – ЖҚЕ) бұзушылықтарды тіркеу аппаратурасы, көлік құралдарын мәжбүрлі тоқтатуға арналған жабдықтар, жүргізушілердің куәліктеріндегі, көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктердегі жалған белгілерді анықтауға арналған аспаптар, басқа техникалық құралдар осы техникалық құралдарды пайдалану және қолдану саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қолданылады. Метрологиялық тексеруден өтпеген немесе тексеру туралы куәліктің мерзімі өтіп кеткен өлшеу құралдары қолданылмайды.

27. Өлшеу құралдарын тиімді пайдалану мақсатында бөліністің басшысы оларды қолданудың апаттылық жағдайына және жүргізушілердің тәртібіне әсер ету нәтижелерін талдайды. Белгілі бір учаскелердегі апаттылық көрсеткіштерін, көлік ағынының қарқынын және жол жағдайларын ескере отырып, саптық бөліністің командирі өлшеу құралдары берілетін жеке құрамның күн сайынғы орналасуын айқындайды.

28. Өлшеу құралдарын есепке алу осы Нұсқаулыққа 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қозғалыс жылдамдығын өлшегіш құралдарды пайдалануды

есепке алу журналы жүргізіледі, оны ауысым аяқталған соң жол қозғалысын бақылау кезінде аспапты қолданған инспектор толтырады. ЖППСБ техникалық бөлімінің бастығы не болмаса оның функцияларын орындайтын лауазымды адам техникалық құралдардың пайдаланылуын күн сайын бақылауды қамтамасыз етеді, бұл туралы олардың қолданылуын жоғарыда көрсетілген журналға тиісті ж а з б а ж а с а й д ы .

29. Байланыс құралдары (радио, транктік, сымдық байланыс) жасақшаларды басқаруды және олардың арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін қолданылады.

6. ЖППСБ күштері мен құралдарын жедел басқаруды ұйымдастыру

30. ЖППСБ күштері мен құралдарын жедел басқаруды саптық бөліністің командирі тиісті кезекші бөлімдер арқылы, ал олар болмаған кезде аумақтық ішкі істер органдарының кезекші бөлімдері арқылы жүзеге асырады.

31. ЖППСБ кезекші бөлімдері департаменттердің кезекші бөлімдеріне жедел б а ғ ы н ы с т ы б о л а д ы .

32. Кезекші бөлімнің жұмысын кезекші бөлімнің бастығы, мұндай лауазым болмаған кезде саптық бөліністің штаб бастығы немесе командирдің орынбасары ұйымдастырады. Кезекші бөлімге жетекшілік ету ПД Әкімшілік полиция басқармасының бастығына жүктеледі. ПД Әкімшілік полиция басқармаларында қызмет атқару кестесін бекітуді, тәулік жасақша адамдарын ауыстыруды, қажет болғанда оларды қызметтен шеттетуді саптық бөліністің командирі (немесе оның орнындағы адам) ПД Әкімшілік полиция басқармасы бастығының (немесе оның орнындағы адам) келісімі бойынша жүзеге асырады.

33. Саптық бөліністің кезекші бөліміне мынадай міндеттер жүктеледі:

1) қызмет көрсетілетін аумақтағы қоғамдық тәртіпті сақтау, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі ақпаратты ж и н а у , ө ң д е у ж әне б а ғ а л а у ;

2) үздіксіз және қауіпсіз жол қозғалысын қамтамасыз ету, қозғалысты реттеу, қозғалыстағы кептелісті жою, жолдарды жабуға байланысты жұмыстардың шарттарының орындалуын бақылау үшін бөліністің күштері мен құралдарын ж е д е л б а с қ а р у ;

3) жол-көлік оқиғалары, қылмыстар мен басқа да құқық бұзушылықтар туралы хабарлар мен өтініштерді қабылдау, тіркеу және тапсыру;

4) қылмыстарды ашуды ұйымдастыру;

5) материалды ресімдеу және кезек күттірмейтін шұғыл іс-әрекеттерді жүргізу жөніндегі ұйымдастырушылық іс-шараларды жүзеге асыру үшін

жол-көлік оқиғаларының орнына шығу, сондай-ақ оның салдарын жоюға шара қ а б ы л д а у ү ш і н ;

6) айдап әкетілген, ұрланған автокөлік құралдарын, сондай-ақ жүргізушісі жол-көлік оқиғалары орынынан қашып кеткен автокөлік құралдарын іздестіруді және ұстауды ұйымдастыру, осындай заңсыз әрекеттер туралы хабарламаларды белгіленген тәртіппен тіркеу;

7) ішкі істер органдарының жедел жоспарларын енгізу, төтенше жағдайлар, саптық бөліністердің жасақшаларының ішкі істер органдарының басқа да бөліністерінің жасақшаларымен өзара іс-қимыл жасау кезінде күштер мен құралдарды басқаруды ұйымдастыру;

8) мүлікті, қару-жарақты, жедел-техникалық және арнаулы құралдарды инспекторлық құрамға беру және одан қабылдау, кезекші бөлімнің арнайы бөлінген үй-жайында сақтау кезінде олардың сақталуын қамтамасыз ету;

9) саптық бөліністің ғимаратындағы ішкі тәртіптің, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық ережелердің сақталуын бақылауды, өткізу режимін, орындалуын қ а м т а м а с ы з е т у ;

10) ақпараттық-анықтамалық жұмысты жүзеге асыру;

11) бөліністің қызметкерлеріне хабарлауды және жинауды ұйымдастыру;

12) қауіпті, ауыр салмақты және ірі көлемді жүктерді тасымалдау кезінде жол-патрульдік полициясы ілесіп жүретін көлік құралдарының қозғалысын, сондай-ақ балаларды ұйымдасып тасымалдайтын көлік құралдарын бақылауды ұ й ы м д а с т ы р у ;

34. Кезекші бөлімге жүктелген міндеттерді орындау мақсатында, ол оқиға орнына бару үшін автомобильдермен, арнаулы техникалық құралдармен, компьютерлік және ұйымдастыру техникасымен, құжаттамамен, тәуліктік жасақты орналастыру, қаруды, жедел-техникалық және арнаулы құралдарды сақтау және беру үшін қызметтік үй-жайлармен, қажетті ЖППСБ кезекші бөлімінде болуы тиіс қызметтік анықтамалық материалдар мен басқа да қызметтік құжаттамалар тізбесімен осы Нұсқаулыққа 7-қосымшаға сәйкес қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

35. Саптық бөліністің аға кезекші-инспекторы (кезекші-инспекторы) жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындаушы кезекші бөлімнің қызмет өтеуші тәуліктік жасағына және саптық бөліністің жасақшасында тұрған қызметкерлерге аға жедел бастық болып табылады.

36. Жол-патрульдік полициясы бөліністерінің кезекші бөлімдері бірыңғай абоненттік телефон нөмірімен, ішкі істер органының автоматтандырылған ақпараттық-іздеу жүйесі деректерінің қашықтан ену базасына қолжетімді компьютерлік техникамен, өртке қарсы, күзет сигнализациясы және әкімшілік

ғимараттың кіреберістері мен өлшемдері бойынша бейнебақылау жүйелерімен жабдықталады.

7. ЖПІСБ қызметін ұйымдастыру

37. Патрульдік-бекеттік қызметті атқару үшін жасаққа тағайындалған қызметкерлерді дайындау, нұсқау жүргізу және қызметке тарату осы Нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

Жасақшаларға нұсқау беру арнайы жабдықталған сыныпта немесе арнайы алаңда сапқа тұрғызу кезінде жүргізіледі.

38. Патрульдік-бекеттік қызметті атқару үшін жасаққа тағайындалған адамдар нұсқама басталардан кемінде 15 минут бұрын бөлініске немесе ішкі істер органына келеді және өздерінің келгендері туралы кезекші мен өздерінің тікелей командиріне баяндайды.

39. Қызметке кірісетін жасақшаға нұсқау беруді аға кезекші-инспектордың (кезекші-инспектордың) қатысуымен саптық бөліністің командирі немесе оның орынбасары жүргізеді, ол туралы бекеттік ведомосте жазба жасалады.

40. Лауазымды адамдар нұсқама жүргізу кезінде:

1) жол-патрульдік полициясы инспекторлық құрамының қызметті атқаруға дайындығын тексереді, көз жеткізу және анықталған кемшіліктерді жою бойынша шаралар қабылдайды;

2) жол-патрульдік полициясы инспекторлық құрамының өз құқықтары мен міндеттерін, қаруды, арнаулы құралдарды қолдану ережелерін, жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын білуін ішінара тексереді;

3) жол-патрульдік полициясы қызметкерлеріне қызмет жүргізілетін аумақтағы апаттық және жедел жағдайдың жай-күйі, бағдарлар, жоғарыда тұрған органдардың нұсқаулары туралы хабарлайды;

4) бекеттер мен патрульдеу бағыттарын жариялайды;

5) өткен тәуліктегі жұмыстың нәтижелерін, сондай-ақ заңдылық пен қызмет өткеру тәртібінің бұзылған жағдайларын жол-патрульдік полициясы инспекторлық құрамының назарына жеткізеді;

6) жасақшалардың жетекшілерін тағайындайды;

7) азаматтармен мұқият, сыпайы және әдепті қатынас жасау, олардың құқықтары мен бостандығын қорғау, қажетті көмек көрсету, жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары туралы жеке құрамға жеткізеді.

41. Жасақшаға кірісетін жол-патрульдік полициясы қызметкерінің сыртқы киімі жинақы, ақаусыз қару-жарағы, маусым бойынша нысанды киімі, жарық шағылыстыратын экипировкасы, омырау белгісі, табельдік қаруы, таяқшасы, бекет пен патрульдеу бағытының карточкасы, қызметтік және жүргізуші куәлігі,

осы Нұсқаулыққа 8-қосымшаға сәйкес нысанда қызмет кітапшасы болады.

42. Нұсқама саптық бөліністің жасақшаларын қызметке таратумен және олардың қызметіне кірісуі туралы бұйрық берумен аяқталады.

43. Елді мекендерде, қала сыртындағы жолдар мен стационарлық бекеттерде және тәуліктің қараңғы уақытында қызмет атқару үшін жасақшалар жол-патрульдік полициясының екі қызметкерінен кем емес құрамда қойылады.

44. Саптық бөліністен неғұрлым алыста (30-50км. астам) орналасқан бекеттерде қызмет атқаратын жол-патрульдік полициясының қызметкерлері оның басшыларының рұқсатымен нұсқамаға аптаның белгілі бір күндерінде к е л е д і .

45. Жол-патрульдік полициясының инспекторлары қызметке кіріскені туралы кезекшіге баяндайды және одан қажетті ақпарат пен нұсқаулар алады. Елді мекендерде және қала сырты жолдарында қызмет өткеру кезінде жол-патрульдік полициясының қызметкерлері кезекшіге жедел жағдай туралы сағатына бір рет, қала сыртындағы жолдарда кемінде екі сағатта бір рет хабарлап тұрады.

8. ЖППСБ қызметкерлерінің қызмет атқаруы

46. Бекетке (патрульдеу бағытына) келген соң жол-патрульдік полициясының қ ы з м е т к е р і :

1) техникалық реттеу құралдарының, арнайы құралдардың, байланыс құралдарының ақаусыздығын, жолдар мен көшелердің жай-күйін, олардағы жөндеу-құрылыс және басқа жұмыстарды жүргізу жағдайларын тексереді, өзін ауыстыратын қызметкерден бекеттің (патрульдеу бағыттың) аумағындағы жедел жағдайдың жай-күйі туралы тиісті ақпарат алады;

2) саптық бөліністің кезекші бөліміне бекетті және патрульдеу бағытын қабылдағаны және анықталған кемшіліктер туралы баяндайды, ал бекет алыс және ақпаратты беру мүмкін емес болған жағдайда журналда тиісті жазба ж а с а й д ы ;

3) қызметті атқару кезінде жол-патрульдік полициясының қызметкері қозғалыстағы бөгеттерді жоюға, жолдың жүріс бөлігінде түнге қалдырылған көлік құралдарынан босатуға, қауіпті учаскелерді белгілеуге шаралар қолданады, жүргізушілерден жүру бөлігінің жай-күйі, қозғалысқа бөгеттердің бар-жоғы, жол-көлік және басқа да оқиғалар, бекет учаскесіндегі немесе патрульдеу бағытындағы оларға белгілі болған қоғамдық тәртіпті бұзу фактілері туралы сұрайды және ішкі істер органдарының ең жақын кезекші бөліміне, тиісті жолдық, коммуналдық органдарға хабарлайды. Сұрау нәтижесінде алынған мәліметтер туралы жол-патрульдік полициясы инспекторы ауысым аяқталған соң жеке баянатпен басшылыққа мәлімдейді және ішкі істер органдарының жедел

бөліністеріне ақпарат жібереді.

47. Патрульдеу бағытында (бекетінде) қызмет атқару кезінде жол-патрульдік полициясының инспекторы қозғалыс процесіне ықпал етеді, жол-көлік оқиғаларының негізгі себептері болып табылатын өрескел ЖҚЕ бұзушылықтарын ескертеді және жолын кеседі, көлік құралдарын себепсіз тоқтатуға және ұстауға жол бермейді.

48. Жасақшаның құрамында екі немесе одан көп жол-патрульдік полициясы қызметкері қызмет атқарған кезде жетекші тағайындалады.

49. Жасақша жетекшісі қызметті атқару кезінде жасақшаның іс-қимылына б а с ш ы л ы қ ж а с а й д ы :

1) жасақшада тұрған жол-патрульдік полициясы қызметкерлерінің жұмысын ұйымдастырады, қалыптасқан жағдайға қарай оларды орналастыруға және олардың қызмет атқару тәртібіне қажетті өзгерістер енгізу туралы командирге, бөлініс бойынша кезекшіге баяндайды;

2) жол-патрульдік полициясы қызметкерлерінің қызметті атқаруына бақылау жасайды және оларға міндеттерін орындау кезінде практикалық көмек көрсетеді;

3) қызметтік құжаттамаларды жүргізудің дұрыстығын, әкімшілік құқық бұзушылықтар, оның ішінде жол көлік оқиғалары жөніндегі материалдарды ресімдеудің сапасын тексереді, анықталған кемшіліктерді жою бойынша шаралар қ а б ы л д а й д ы ;

4) жедел-техникалық және арнаулы құралдардың дұрыс пайдаланылуын б а қ ы л а й д ы ;

5) өзінің тұрған орны мен қызмет өткеру учаскесіндегі жағдай туралы кезекшіге б а я н д а п т ұ р а д ы .

50. Патрульдік автомобильде (мотоциклде) жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде ЖҚЕ бұзған көлік құралдарының жүргізушісін тоқтату үшін арнаулы жарықты және дыбысты сигналдарды, дауыс зорайтқыш қондырғыны, қолмен немесе таяқпен жасалатын белгілерді пайдаланады.

51. Көлік құралдарын тоқтату барынша қысқа мерзімге және қозғалысқа бөгет болмайтын жерде жүзеге асырылады. Қалалық қоғамдық көліктерді (автобустарды, бағыттық таксилерді, троллейбустарды, трамвайларды) жүру бағыттарында тоқтатуға ЖҚЕ бұзған кезде жүргізушіге тәртіп бұзушылықтың мәнін түсіндіру және одан әрі әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтыру үшін бағыттағы соңғы аялдаманың орналасқан жерін анықтауға рұқсат е т і л е д і .

Көлік құралдарын тоқтатуға арналған негіздер Қазақстан Республикасының « Жол жүрісі туралы» Заңның 52-бабында көрсетілген.

52. Патрульдеу бағытында жол қозғалысына бақылауды рұқсатсыз жүзеге асырушы полиция қызметкерлерін байқаған кезде, жол-патрульдік

полициясының қызметкерлері бұл туралы кезекшіге баяндайды және оның нұсқауына сәйкес әрекет жасайды. Кезекші бөлімге хабарлау мүмкіндігі болмаған жағдайда, қызметкерлердің жеке басын, бөлінісін анықтау бойынша шаралар қабылдайды, ол туралы қызмет аяқталған соң жеке баянатпен кезекшіге б а я н д а й д ы .

53. Арнайы жарықты және дыбысты сигналы бар жол-патрульдік полициясының патрульдік автомобильдері ерген лектер немесе жеке автомобильдер өткен кезде жол-патрульдік полициясының инспекторы бекет немесе патрульдеу бағыты бойынша олардың қауіпсіз, бөгетсіз өтуіне шаралар қ а б ы л д а й д ы .

54. Жол-патрульдік полициясының қызметкері ішінде қылмыс жасауда күдікті адамы бар немесе жүргізушісі жол-көлік оқиғасы орнынан қашып кеткен немесе өзінің әрекеттерімен қозғалыстың басқа қатысушыларына қауіп төндірген не болмаса полиция қызметкерлерінің тоқтату талабын орындамаған көлік құралдарының ізіне түсуді жүзеге асырады. Егер аталған адамдар қаруланған жағдайда, бұл туралы саптық бөліністің немесе ішкі істер органының кезекші бөліміне хабарлайды, бұдан әрі кезекшінің нұсқауы бойынша немесе қалыптасқан жағдайға қарай әрекет етеді.

55. Жеке басының немесе қозғалысқа қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жол-патрульдік полициясының қызметкері ізіне түсу к е з і н д е :

- 1) патруль көлігіндегі арнаулы дыбысты және жарықты сигналын қосады;
- 2) нақты жағдайларға қарай қозғалыстың жылдамдығын таңдайды;
- 3) қудаланушылар мен жол қозғалысының басқа да қатысушыларының іс-әрекетін мұқият қадағалайды;
- 4) саптық бөліністің және ішкі істер органының кезекшісіне өзінің жүрген жері мен қозғалыс бағыты туралы баяндайды;
- 5) жол қозғалысының басқа қатысушыларына мұқият болуы және сақтық шараларын сақтау туралы хабарлайды.

56. Ірі көлемді, ауыр салмақты және қауіпті жүктерді тасымалдау ережелерін бұзылғаны анықталған кезде жол-патрульдік полициясының қызметкері саптық бөліністің басшылығынан немесе кезекшіден тиісті нұсқау алғанға дейін аталған көлік құралдарын жол жиегіне шығаруға немесе шешім қабылдағанға дейін оларды жол полициясының таяудағы бекетіне, тұрағына дейін алып бару бойынша шаралар қабылдай отырып, аталған көлік құралдарының бұдан әрі қозғалуына тыйым салады. Қауіпті жүкті тасымалдайтын автомобильдерді мүмкіндігінше жолдан тыс алып шығу қажет.

57. Патрульдеу бағытында немесе бекетте қызметті атқару кезінде жол-патрульдік полициясының қызметкері жол қозғалысының қауіпсіздігіне әсер

ететін автомобиль жолының жабдықталуына және жай-күйіне, техникалық реттеу құралдарының (бағдаршамдардың, жол белгілерінің және т.б.) ақаусыздығына, сондай-ақ жол үстіндегі жұмыстардың жүргізілуіне бақылау жасайды. Бағдаршамдар объектілерінің жұмысының тиімділігін анықтау мақсатында көлік құралдары ағымына сырттай бақылау жасайды.

58. Кемшіліктер анықталған кезде жол-патрульдік полициясының инспекторы бұл туралы бөлініс бойынша кезекшіге хабарлайды, ол бұларды осы Нұсқаулыққа 9-қосымшаға сәйкес нысанда көшелер мен жолдар жағдайындағы кемшіліктерді, жол қозғалысын реттейтін техникалық құралдарының бұзылуын есепке алу журналына жазады. Ақаулар мен қозғалысқа кедергілер жойылғанға дейін қажеттігіне қарай реттеуді жүзеге асырады, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды.

59. Жол-патрульдік полициясының қызметкері тек саптық бөлініс командирінің, оның орынбасарларының және кезекші бөлімнің рұқсатымен немесе нұсқауымен патрульдеу бағытын немесе бекетті:

1) көршілес учаскелерде қозғалыстағы кедергілер мен қауіптерді жою бойынша кезек күттірмейтін шаралар қабылдаған;

2) тәртіп бұзушыларды және ұсталған көлік құралдарын кезекші бөлімге және сақтау орнына жеткізген;

3) қызметтік міндеттерді орындауға байланысты кезек күттірмейтін іс-шараларды орындауға полицияның басқа жасақшаларына, басқа құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне көмек көрсеткен;

4) адамдарды және көлік құралдарын осы Нұсқаулықтың 71-тармағына сәйкес қудалаған;

5) жол-көлік оқиғалары, қайғылы оқиға кезінде және басқа да жағдайда зардап шеккендерге көмек көрсеткен;

6) оқиға болған орынды қорғаған;

7) өрттің және табиғи апаттардың салдарын жоюға шаралар қабылдаған;

8) кенеттен ауырып қалған;

9) белгіленген уақытта тамақтанған жағдайларда тастап кете алады.

60. Патруль көлігінде қызмет атқару кезінде:

1) бөгде азаматтар мен жүктерді тасымалдауға, сондай-ақ патруль көлігін қарасыз қалдыруға;

2) белгілі бір қызметтік міндеттерді орындау қажеттігіне байланысты жағдайлардан басқа, қозғалыстың белгіленген жылдамдығын арттыруға, белгіленген бағыттан өз бетімен кетіп қалуға және қызметті атқару тәртібін өзгертуге;

3) басқа адамдарға патрульдік көлікті жүргізуге беруге;

4) ұсталған адамдарды патрульдік көлікте қараусыз қалдыруға жол берілмейді.

9. Жол-патрульдік полициясы қызметкерлерінің жол-көлік оқиғалары кезіндегі іс-әрекеттері

61. Жол-патрульдік полициясының қызметкері белгілі болған барлық оқиғалар туралы, оның өз бекетінен немесе патрульдеу бағыттарынан тысқары жасалған жағдайларды қоса алғанда, саптық бөліністің (ішкі істер органының) кезекші бөліміне баяндайды және бұдан әрі берілген нұсқауларға сәйкес әрекет е т е д і .

62. Оқиға туралы хабарды тікелей алу кезінде жол-патрульдік полициясының қызметкері мәлімет берушіні мұқият тыңдап алып:

- 1) оқиға туралы хабарлаған адамның тегін, аты-жөнін, мекенжайы мен телефон нөмірін, басқа да куәгерлер мен куәлардың деректерін;
- 2) оқиғаның орнын, болған уақытын, түрі мен жағдайларын;
- 3) зардап шеккендер туралы мәліметті;
- 4) зардап шеккендерге медициналық көмектің көрсетілгені туралы мәліметті;
- 5) зардап шеккендерді қандай емдеу мекемесіне және кімнің жібергенін;
- 6) зардап шеккендерді алып кеткен көлік құралдарының түрін, маркасын, түсін және мемлекеттік тіркеу белгісін;
- 7) аталған оқиғаға қатысы бар көлік құралдары туралы мәліметті жазып а л а д ы .

63. Адамдар зардап шеккен оқиға болған жерге келісімен жол-патрульдік полициясының қызметкері жедел-тергеу тобы келгенге дейін:

- 1) зардап шеккендердің санын анықтайды, олардың жағдайының ауырлық дәрежесін салыстырмалы түрде бағалайды, жедел медициналық жәрдемді шақырады, ол келгенге дейін немесе шақыру мүмкін болмаған жағдайда алғашқы медициналық көмекті өзі көрсетеді және қажет болған кезде, медициналық мекемеге жеткізуді ұйымдастырады, зардап шеккендердің тегін, аты-жөнін, тұрғылықты жерін (жұмыс орнын) анықтайды;
- 2) оқиғаға қатысқан жүргізушілерді, көлік құралдарын және оған қатысы бар басқа да адамдарды анықтайды, оқиғаға қатысушылардың жүргізушілік к у ә л і к т е р і н т е к с е р е д і ;
- 3) жедел-тергеу тобы келгенге дейін аталған адамдардың оқиға болған жерде б о л у ы н қ а м т а м а с ы з е т е д і ;
- 4) оқиғаның куәгерлерін анықтайды және олардың деректерін жазып алады;
- 5) оқиғаға қатысы бар заттай айғақтардың, іздердің, мүлік пен басқа да заттардың сақталуына және белгіленуіне шаралар қабылдайды;

б) оқиғаның орнына келген жедел-тергеу топтың басшысына (анықтауды жүзеге асыратын прокурорға, тергеушіге, қызметшіге) оқиғаға қатысты адамдар мен куәгерлер туралы мәліметтерді баяндайды, заттай айғақтарды тапсырады және бұдан әрі солардың нұсқауы бойынша әрекет етеді;

7) қажетті жағдайларда көліктің айналып өтуін ұйымдастырады, ал мұны істеу мүмкін болмаса - екі куә мен оқиғаға қатысушының қатысуымен көлік құралдарының тұрған орнын, оқиғаның іздерін және оған қатысы бар басқа да заттарды белгілейді, содан кейін қозғалысты қалпына келтіру үшін шаралар қ а б ы л д а й д ы ;

8) егер көлік құралындағы жүргізуші оқиға орнынан жасырынып кетсе, оның қозғалысының ықтимал бағытын, көлік құралының маркасын, түрін, мемлекеттік тіркеу белгісін, түсін, сондай-ақ ерекше белгілерін және жүргізушісін анықтайды . Оқиға болған жерді қарау және куәгерлерден жауап алу кезінде алынған жасырынған көлік құралы мен жүргізуші туралы деректерді жол-патрульдік полициясының қызметкері саптық бөліністің немесе ішкі істер органының кезекшісіне дереу баяндайды, бұдан әрі солардың нұсқауларына сәйкес әрекет е т е д і ;

9) иммунитеттер мен артықшылықтарды пайдаланатын адамдары бар (егер олар медициналық жәрдемді қажет етпесе) көлік құралымен болған оқиға бойынша материалдарды ресімдеген кезде жол-патрульдік полициясының қызметкері жүргізушіге аталған оқиғалар бойынша материалдарды жасау кезінде қатысуын ұсынады. Егер жүргізуші немесе жолаушылардың біреуі материалдарды жасау кезінде қатысуды қаламайтынын білдірсе, ол оқиғаға қатысушылар туралы мәліметтерді жазып алады және олардың кетуіне рұқсат береді. Мұндай жағдайларда оқиға болған жерді қарау туралы хаттамаға жүргізушінің болмау себебі туралы жазба жасалады және хаттаманы толтырушы мен екі куәгердің қолдары қойылады.

64. Көлік құралдарына, жүктерге, жолдарға, жол құрылыстарына немесе басқа да мүліктерге және бұл ретте тек материалдық зиян келтіруге ықпал еткен Жол қозғалысы ережелерін бұзушылықтар туралы материалдарды ресімдеуді кезекшінің нұсқауы бойынша жол-патрульдік полициясының қызметкері өз бетімен ӘҚБтҚРК сәйкес жүзеге асыра алады.

Жол-көлік оқиғасы (бұдан әрі – ЖКО) болған орында бастапқы іс-әрекеттер жүргізілгеннен кейін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 296-бабында көзделген қылмыс белгілері болмаған және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болған кезде қызметкер материалдарды ресімдеген жағдайда «Көлік оқиғасының сызбасын жасау ережесін және олардың үлгілік нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 9 ақпандағы № 52 бұйрығына сәйкес ЖКО жасалған орынның сызбасы жасалады (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6778 тіркелген).

10. Көлік құралдарын іздестіру

65. Жол-патрульдік полициясының қызметкері айдап әкетілген, ұрланған көлік құралдарын, жүргізушілері жол-көлік оқиғалары, көлік құралдарын пайдалануға байланысты өзге де қылмыстар орындарынан қашып кеткен көлік құралдарын іздестіру жөніндегі жұмысты жүзеге асырады.

66. Патрульдеу бағыттарында және бекеттерде қызмет атқару кезінде жол-патрульдік полициясының қызметкері іздестіруде жүрген маркасы, түсі және сипатты белгілері ұқсас көлік құралдарын тоқтатады, олардың түрін, моделін, мемлекеттік тіркеу белгісін, сәйкестендірілген нөмірін, шассидің (раманың), қораптың және қозғалтқыштың нөмірін тіркеу құжаттарында жазылған деректермен (тіркеу туралы куәлік, талон, көлік құралының паспорты) салыстырады және ішкі істер органдары бөліністерінің кезекші бөлімі немесе қолда бар автоматтандырылған ақпараттық-іздестіру жүйелері бойынша іздеудегі көлік құралының есебі бойынша тексерілетін нөмірлі агрегаттардың деректемелері мен тіркеу құжаттарын тексереді.

67. Іздеудегі көлік құралын байқаған жағдайда жол-патрульдік полициясының қызметкері бұл туралы саптық бөліністің немесе ішкі істер органының кезекші бөліміне дереу баяндайды, оны және ондағы адамдарды ұстауға шаралар қолданады. Бұл ретте жеке қауіпсіздікті, жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігін сақтау жөніндегі барлық қажетті шаралар, сондай-ақ қылмыстың іздерін, құралдарын, өзге де заттай айғақтарын сақтау шаралары қ а б ы л д а н а д ы .

68. Іздеуде жүрген көлік құралдары мен қылмысты әрекет жасаған адамдарды ұстаған кезде, сондай-ақ ұсынылған құжаттардың, мемлекеттік тіркеу белгілерінің қолдан жасалғаны, көлік құралдарына зауыттарда соғылған маркілердің өзгертілгені және жойылғаны, агрегаттар нөмірлерінің тіркеу құжаттарына, есептік деректерге сәйкес келмейтіні байқалса, жоғалды (ұрланды) деп саналған құжаттар, материалдарды ресімдеу қылмыстық іс жүргізу табылған кезде заңнамасының нормаларына сәйкес жүргізіледі. Жиналған бастапқы материалдар, көлік құралдары заң бұзушылық байқалған (жасалған) орын бойынша ішкі істер органына тапсырылады.

69. Шұғыл жедел-іздестіру іс-шаралары немесе ішкі істер органдарының басқа да жедел жоспарлары енгізілген кезде жол-патрульдік полициясының жасақшалары тосқауыл қою бекеттеріне қайта орналастырылады және белгілері іздестіруде жүргендерге ұқсас, өтіп бара жатқан көлік құралдарын тексеруді

70. Патрульдік-бекеттік жасақшалар іздестіру қызметкерлерімен бірге барлық техникалық қызмет көрсету станцияларын, қылмыс жасалған орынға тікелей жақын орналасқан гараж кооперативтері мен автотұрақтарды тексеруді жүргізеді .

11. Жол қозғалысына қатысушылармен өзара іс-қимыл жасау

71. Жол-патрульдік полициясы қызметкерлерінің жол қозғалысына қатысушылармен өзара іс-қимыл жасау заңдылықты қатаң сақтауға, өзінің міндеттемелерін нақты орындауға, құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесуде қатаңдықты, батылдық пен принципшілдікті және азаматтарға ілтипатты, ізгілікті және сыйласымды қарым-қатынаспен ұштастыруға негізделуі т и і с .

72. Жол қозғалысына қатысушылармен қарым-қатынас жасасу кезінде жол-патрульдік полициясының қызметкері өзін таныстырады, лауазымын, арнаулы атағы мен аты-жөнін, қызмет ететін бөлінісін атайды және көлік құралын тоқтатудың себебі туралы хабарлайды. Азаматтар өтініш жасаған жағдайда, қызметкерлер өз құзыреті шегінде осы талаптарды орындай отырып, көмек көрсету бойынша шаралар қабылдауға, ал қажет болған жағдайларда қойылған мәселені шешу үшін қайда жүгінуге болатынын түсіндіреді.

73. Азаматтармен әңгімелескен кезде жол-патрульдік полициясының қызметкерлеріне дауласуға, байсалдылықты жоғалтуға, дәрекілікке дәрекілікпен жауап беруге жол берілмейді, бұл ретте сабырлық пен ұстамдылық көрсетеді.

74. Жол-патрульдік полициясы қызметкерлерінің іс-әрекеті жол қозғалысына қатысушыларға түсінікті болуы, ал басқа көлік құралдарының қозғалуы үшін олар мәжбүрлі бөгет жасамауы (кенеттен тежеуді қолдану, маневр жасау) үшін жүргізушілерге уақтылы белгілер беріп отырады.

75. Жол-патрульдік полициясы қызметкері көлік құралын тоқтатқан жағдайда дереу жүргізушіге келіп, тоқтату себебін түсіндіреді.

76. Жүргізуші немесе жолаушылар қылмыс жасауда күдікті деп танылған жағдайларда жол көлігін тоқтатудың нақты себебі туралы айтуға болмайды. Бұл ретте жол-патрульдік полициясының қызметкері өз ниетінің шынайы сипатын ашпастан-ақ, жүргізушімен әңгімелесу үшін сылтау табады.

77. Өкімді оларға қатысы бар азаматтардың қате немесе басқаша түсінуіне жол бермей, қысқа және айқын береді.

78. Тәртіп бұзушыға оның әрекеттерінің құқыққа қарсы екендігі туралы түсіндірген кезде ақыл айтпай, ЖҚЕ және ӘҚБтҚРК-нің тиісті талаптарына сүйене отырып, сыпайылықпен және нақты түсінік беру қажет.

79. ЖҚЕ бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартқан кезде жол-патрульдік полициясы қызметкерлері тәртіп бұзушыларға олардың құқықтарын ӘҚБтҚРК-нің 584-бабына сәйкес түсіндіреді.

80. Жанжалды жағдайлар, наразылықтар пайда болған кезде немесе жол қозғалысына қатысушының талабы бойынша ол омырау белгісінің нөмірін айтады және қолынан шығармастан қызметтік куәлігін көрсетеді, өз іс-әрекетіне шағым жасау құқығы мен тәртібін түсіндіреді, азаматқа өзінің келіспеушілігін жазбаша түрде беруді ұсынады. Бұл жөнінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамада жазба жасалады және қосымша материалдар негізгі материалдарға тіркеледі.

81. Құқық бұзушылықтардың жолын кесу кезінде жол-патрульдік полициясының қызметкерлері азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, жол берілген құқық бұзушылықтың ауырлығы және болжамды салдарын түсіндіру жөніндегі өзіне жүктелген міндеттерді басшылыққа алуы тиіс.

82. Жол-патрульдік полициясының қызметкерлері қажет болған жағдайларда азаматтарға:

1) жол-көлік оқиғаларынан зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсетуге және оларды емдеу мекемелеріне жеткізуге;

2) олардың өмірі мен денсаулығын заңсыз қол сұғушылықтан қорғауға және олардың меншігін сақтауға;

3) қызмет көрсетілетін бағыттың аумағы бойынша жүріп өтудің тәртібі мен ерекшеліктерін түсіндіруде;

4) көлік құралдарының техникалық ақауларын мүмкіндігінше түзеуге және бұзылған көлік құралдарын тасымалдауға көмек көрсетеді.

12. Төтенше жағдайларда жол-патрульдік полициясы бөліністерінің қызметін ұйымдастыру

83. Санкцияланбаған, оның ішінде жолдар мен басқа да объектілерге тосқауыл қоя отырып, жүргізілетін бұқаралық іс-шаралар кезінде, сондай-ақ жаппай тәртіпсіздік кезінде бөлінетін жол-патрульдік полициясы жасақшаларының қажетті санын ішкі істер органының басшысы (жедел штабтың басшысы) белгілейді. Мұндай жағдайларда басты назар:

1) төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін бақылау-өткізу бекеттерін жедел өрістетуге және жабдықтау, оларға полиция қызметкерлерін қою және Ішкі әскерлер жасақшаларымен өзара іс-қимылды ұйымдастыру;

2) ұсталған көлік құралдары үшін уақытша тұрақтардың жұмысын ұйымдастыру және оларды сақтау тәртібін айқындау;

3) көлік құралдары қозғалысын ұйымдастырудың жаңа сызбасын әзірлеу мәселелеріне аударылады.

84. Орналастырылатын бекеттер мен патрульдеу бағыттарда жол-патрульдік полициясының қызметкері:

1) полиция қызметкерлерін, әскери жасақшаларды, сондай-ақ апаттық-құтқару қызметтерінің көліктік құралдарын тасымалдайтын көлік құралдарын кедергісіз өтуіне жағдай жасайды, төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға қатысады;

2) қызмет көрсетілетін аумақтың аймағында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге, қылмыстардың, әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуға және жолын кесуге шаралар қабылдайды, адамдардың тәртібін бақылауды жүзеге асырады;

3) жасақшаның басшысына (кезекші бөлімге) жедел жағдайдың барлық өзгерістері мен орын алған құқық бұзушылықтар туралы хабарлайды;

4) құқық бұзушылықтардың жолын кесуде полицияның басқа бекеттеріне көмек көрсетеді;

5) полицияның басқа бөліністерімен бірлесіп санкцияланбаған іс-шаралар өткізілуіне байланысты салдарды жою және бірінші кезекте, көлік құралдарының үздіксіз қозғалысын қалпына келтіру жөніндегі жұмысты жүргізеді.

85. Қалыптасқан жағдайды есепке ала отырып, төтенше жағдай режимін қамтамасыз етуге жауапты басшының келісімімен патрульдеу бағыттары мен бекеттерді орналастыруға түзетулер енгізіледі.

86. Табиғи апаттар, індеттер, ірі өндірістік апаттар, өрттер мен басқа да төтенше оқиғалар кезінде жол-патрульдік полициясының қызметкерлері жедел, апаттық-құтқару қызметтерінің автомобильдері бөгетсіз өтуіне жәрдемдеседі, қоғамдық тәртіпті қалпына келтіру және қолдау, адам мен мүлікті құтқару, зардап шеккендерге қажетті көмек көрсету, қараусыз қалған мүліктерді сақтау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

87. Табиғи апаттардың салдарынан пайда болған жол қозғалысындағы қиыншылықтар кезінде жол-патрульдік полициясының қызметкері бұл туралы кезекшіге баяндайды, жүргізушілерді қауіп туралы хабардар етуге шаралар қолданады. Қажет болған жағдайда қозғалысты уақытша шектейді немесе оған тыйым салады, көлік құралдарын қауіпті учаскені айналып өтуге бағыттайды, зардап шеккендерге көмек көрсетуді ұйымдастырады.

13. Бақылау-өткізу пункттерінде қызмет атқару

88. Бақылау-өткізу пункттері өткізу режимін (қозғалысты шектеу, реттеу және көлік құралдарын тінту) қамтамасыз етуге, құқық тәртібі мен қоғамдық

қауіпсіздікті қолдауға, құқыққа қарсы әрекеттердің жолын кесуге және құқық бұзушыларды ұстауға арналады. Бұдан басқа бақылау-өткізу пункттерінің жасақшалары белгілі бір аумаққа енудің және одан шығудың ерекше режимін қамтамасыз ету, төтенше жағдай режимін қолдау және арнайы операциялар жүргізу үшін тартылады.

89. Бақылау-өткізу пункттерін басқару тәртібі арнайы мақсаттың ерекшеліктеріне және шешілетін міндеттердің құрамына байланысты болады. Олардың іс-қимылына басшылықты Ішкі әскерлердің аумақтық органдары тиісті әскери бөлім қолбасшылығының қатысуымен, ал төтенше оқиғалар жағдайында - соңғысы аумақтық ішкі істер органдары басшыларының қатысуымен жүзеге асырады.

90. Жекелеген міндеттерді шешу кезінде жол-патрульдік полициясы қызметкерлері жедел мәліметтерді алу үшін көзбен шолып бақылауды және жол қозғалысына қатысушылармен қарым-қатынасты жүзеге асырады.

91. Жол-патрульдік полициясы бөліністерінің кезекші бөлімдері жанында штабтық топтар құрылады, олар бақылау-өткізу пункттері жасақшаларынан және патрульдік топтардан келіп түскен мәліметтерді жинақтайды, қорытындылайды және оларға талдау жасайды, жедел мәліметтер мен өзге де ақпараттарды дайындайды, қалыптасқан жағдайдағы жол қозғалысының ұйымдастырылуына баға береді, көлік құралдары мен олардың иелерінің тиесілігі туралы, қылмыс жасауда және қоғамдық тәртіпті бұзуда күдікті адамдар туралы мәліметтерді жедел тексеріп отырады.

14. Көлік құралдарына ілесіп алып жүру

92. Ілесіп алып жүру түрлі-түсті боялған, ажырату белгілері бар, арнайы дыбысты және жарықты сигналдармен жабдықталған патрульдік көлікте жүзеге асырылады.

93. Ілесіп алып жүруге тапсырма алған саптық бөліністің командирі:

- 1) ілесіп алып жүру үшін қажетті патрульдік көліктің санын белгілейді;
- 2) лектің жүретін бағытын, қозғалысты ұйымдастырудың ерекшеліктерін, бекеттер мен патрульдеу бағыттарының орналасу орны, байланыс жүйесін және ілесіп алып жүретін патруль көлігінің экипажымен өзара байланысын зерделейді;
- 3) ілесіп алып жүрудің құрамы мен басшысын тағайындайды, оларға нұсқау береді (ілесіп алып жүретін патруль көлігінің экипажы, әдетте, екі қызметкерден тұрады);

4) ілесіп алып жүру үшін бөлінген көлік құралдарын және қолдағы бар радиобайланыс құралдарын, арнайы жарықты және дыбысты сигнализацияның ақаусыздығын тексеруді ұйымдастырады.

94. Ілесіп жүретін көлік құралдарының жүргізушілеріне нұсқау беруді аға жолбасшы жүргізеді. Бұл ретте ұйымдастырылған балалар тобын тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралына ілесіп жүру басталар алдында, оның ішінде шолып қарау нәтижесінде көлік құралының ақаусыздығын растайтын құжаттардың түгелдігін тексеруді жүргізеді, одан әрі ілесіп жүретін адамдар, тасымалданатын балалар саны, көлік құралдарының саны туралы ақпаратты кезекші бөлімге береді.

Ұйымдастырылған балалар тобын түнгі уақытта (кешкі сағат 22-ден бастап таңғы сағат 06.00-ге дейін), тұман, көктайғақ және басқа да қолайсыз жағдайларда қалааралық тасымалдауды жүзеге асыруға жол берілмейді.

Ұйымдастырылған балалар тобын тасымалдауға тартылған көлік құралының техникалық жай-күйін тексеруді жүзеге асырған кезде көлік құралындағы есіктер екеуден кем болмауына, сары түсті жарқылдақ шамдардың, «Балаларды тасымалдау» деген ажырату белгілерінің болуына назар аудару керек.

95. Бір патрульдік көлік құралымен ілесіп алып жүрген кезде ол олардың қозғалу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қашықтықта, әдетте, осы бағытта қозғалуға арналған сол жақтағы шеткі жолақ бойынша еріп келе жатқан автомобильдердің алдында жүруі тиіс.

96. Екі патрульдік көлік құралымен ілесіп жүрген кезде олардың біреуі жетекші ретінде жүреді, екіншісі басқа көлік құралдарының одан озып кетуіне жол бермеу үшін, осы бағытта қозғалу үшін бір жолағы бар жолдарда және басқа да қауіпті жерлерде еріп келе жатқан лектің соңында жүреді.

97. Үш патрульдік көлік құралымен ілесіп алып жүрген кезде олардың біреуі (жетекші) еріп келе жатқан көлік құралдары лектің алдында ілесіп алып жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндей қашықтықта, екіншісі (белгі берушісі) - қауіпсіз және бөгетсіз жүріп өтуді қамтамасыз етуге шаралар қабылдайды, ілесіп келе жатқан көлік құралдарының жақындағаны туралы жасақшаларға хабар беру және қозғалыс жағдайлары туралы патрульдік көлік құралдарын алып келе жатқан экипажды хабарландырып отыру мақсатында, жетекші автомобильдің алдында осы бағытта жүруге арналған шеткі сол жақтағы жолақ бойынша 200-400 метр аралықта жүріп отырады. Үшінші патрульдік көлік құралы (тұйықтайтын) лектің соңында жүреді.

98. Алып жүру кезіндегі қозғалыстың жылдамдығын жолдағы жағдайларға, көлік құралдары мен жаяу жүргіншілер қозғалысының қарқынына, ілесіп келе жатқан көлік құралдарының сипаттарына қарай аға жолбасшы белгілейді.

99. Егер ілесіп алып келе жатқан лектің қозғалу жылдамдығы ЖҚЕ-де рұқсат етілген шектен кем болса, ал жолдағы жағдайлар басқа көлік құралдарының одан озып кетуіне мүмкіндік бермесе, аға жолбасшы оның соңында жиналып қалған көлікті өткізіп жіберу үшін шаралар қабылдайды.

100. Көлік құралдарын жол-патрульдік полициясының патрульдік көлік құралдарымен алып жүру жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
і ш к і і с т е р о р г а н д а р ы н ы ң
ж о л қ о з ғ а л ы с ы қ а у і п с і з д і г і н
қ а м т а м а с ы з е т у ж ө н і н д е г і
нұсқаулыққа 1-қосымша

Нысан

Б е к і т е м і н

(л а у а з ы м ы , а т а ғ ы , Т . А . Ә .)
20__жылғы " __ " _____

Бекеттер мен патрульдеу бағыттарының орналасуы

(бөліністің атауы)

р/с №	Бекет, бағыт №	Бекет, патрульдеу түрі (тұрақты, бір ауысымды, екі ауысымды, үш ауысымды) және ЖППСБ қызметкерлер іні шығарудың нормалары	Патрульдеу бағытының, бекетінің орналасуы	Патрульдік көлік және олардың саны	Қосымша бекет қажет болғанд
1	2	3	4	5	6

1. 2-бағанда әрбір патрульдеу бағыты үшін оның ұзындығы, шекаралары мен орталығы көрсетіледі.

2. 3-бағанда бекеттің түрі (жылжымалы, тұрақты) және патрульдеу түрі (автомобильде, мотоциклде және жаяу), ЖППСБ қызметкерлерін шығарудың нормалары.

3. 4-бағанда патрульдеу бағыты өзі жүріп өтетін қалалардың, елді мекендердің, көшелердің, алаңдар мен автомобиль жолдарының атауымен белгіленеді.

4. 5-бағанда патрульдік көліктің маркасы және мемлекеттік тіркеу нөмірі, шақыру белгісі және олардың саны көрсетіледі.

5. 6-бағанда қосымша бекеттер (қажет болғанда).

_____ командирі (атағы, Т.А.Ә.)

(саптық бөлініс)

20__жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
ішкі істер органдарының
жол қозғалысы қауіпсіздігін
қамтамасыз ету жөніндегі
нұсқаулыққа 2-қосымша

Нысан

20__жылғы "___"_____ взводтың (бөліністің) жасақшаларын
орналастырудың бекеттік ведомосі

1. Күштер мен құралдар есебі

Жеке құрам бойынша	Саны	Автокөліктерді және арнайы техниканы пайдалану	Саны
Тізім бойынша		Автомобильдер, барлығы	
Міндетті нормалар		Міндетті нормалар	
Нақты пайдаланылатыны		Нақты пайдаланылатыны	
Қызметтен тыс жерде		Мотоциклдер	
а) кезекті демалыста		Міндетті нормалар	
б) іссапарда		Нақты пайдаланылатыны	
в) оқуда		Радиостанциялар	
г) сырқаттанғандар		Міндетті нормалар	
д) демалыста		Нақты пайдаланылатыны	
е) басқа жұмыстарда		Жылдамдық өлшеу құралы	
		Міндетті нормалар	
		Нақты пайдаланылатыны	

1. Жасақшаларды ауысымдар бойынша орналастыру:

№ р/с	Автомобильдер	Инспектордың Т.А.Ә.	Шақыруы	Берілген қару	Патрульдеу учаскесі	Үзіліс уақыты	ЖППСБ инспекторының нұсқау алған туралы қолы	ЖППСБ инспектор жұмыс ауысымы кейінгі қо.
1	2	3	4	5	6	7	8	9

2. «Тосқауыл» арнайы жоспарын енгізген кездегі жасақтардың орналасуы:

Қызмет атқару орны	1-ші ауысымдағы ЖППСБ инспекторының Т.А.Ә.	2-ші ауысымдағы ЖППСБ инспекторының Т.А.Ә.
1	2	3

4 .

Б а ғ д а р

5. Нұсқау беруді өткізушілер: _____
(лауазымы, т. а. ә.)

6. Қызметтің атқарылуын тексеру

7. Жасақтарды орналастырудағы өзгерістер:

8. Жұмыс кестесі: 1-ші ауысым: сағат ___ ден ___ дейін;
2-ші ауысым: сағат ___ ден ___ дейін;
3-ші ауысым: сағат ___ ден ___ дейін.

9. Жеке құрам жұмысының есебі:

№	ЖПП инспекторының Т.А.Ә.	Келгені туралы белгі	Барлығы ЖҚЕ бұзу	Оның ішінде ҚРӨҚК баптары бойынша												Арнайы тұраққа жеткізілді	АІБ жеткізілді	М/а жеткізілді	Еск

В з в о д (б ө л і м ш е) к о м а н д и р і

(атағы, т. а. ә., қолы)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
і ш к і і с т е р о р г а н д а р ы н ы ң
ж о л қ о зғ а л ы с ы қ а у і п с і з д і г і н
қ а м т а м а с ы з е т у ж ө н і н д е г і
нұсқаулыққа 3-қосымша

Нысан

№ _____ бекеттің (патрульдеу бағытының)

карточкасы

1. Автожол _____
" _____ " км-ден бастап " _____ " км-ге дейін

2. Қызмет атқару түрі _____

3. Жол-көлік оқиғалары шоғырланған орындарда (қиылыстар, елді

мекендер, жол учаскесі) белгіленген бағыт сызбасы
4. Бағыттың сипаттамасы;

- 1) 20___ жылдағы апаттылықтың ахуалы _____
- 2) апат орындары _____
- 3) бары: _____
- 4) қиылыстар _____
- 5) жол белгілері, бағдаршам объектілері _____
- 6) орналасуы _____
- 7) ішкі істер органдарының кезекші бөлімдері, басқа бөліністері _____
- 8) ПБҚ бекеттері _____
- 9) медициналық мекемелер _____
- 10) жол ұйымдары _____
- 11) кәсіпорындар _____
- 12) оқу орындары _____
- 13) мектеп және мектепке дейінгі мекемелер _____
- 14) сауда орындары _____
- 15) ойын-сауық және спорт мекемелері _____

5. Патрульдеу бекетінің (бағытының) ерекшеліктері: радиобайланыс тұрақсыз болатын аймақтар, ең жақын ПБҚ бекеттері, ішкі істер органдары (полиция бөлімшесі) кезекші бөлімінің телефоны, полицияның учаскелік инспекторы, медициналық мекеме, ең жақын орналасқан таксофондар және бекеттік полиция аппараттары.

_____ командирі

(саптық бөлініс)

20___ жылғы "___" _____ (атағы, Т.А.Ә.)

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

і ш к і

і с т е р

о р г а н д а р ы н ы ң

ж о л

қ о з ғ а л ы с ы

қ а у і п с і з д і г і н

қ а м т а м а с ы з

е т у

ж ө н і н д е г і

нұсқаулыққа 4-қосымша

Жол-патрульдік полициясы патрульдік жасақшаларының жеке құрамын және патрульдік автомобилін жабдықтаудың тиесілік табелі

1. Автомобильдік стационарлық радиостанция - 1 жинақ
2. Тасымалы радиостанция - 1 бірлік
3. Бақылау-өлшеу аспаптары, оның ішінде:

к/қ қозғалыс жылдамдығын анықтағыш аспап	- 1 бірлік
демнен шыққан ауаның құрамында алкогольдің бар-жоғын көрсететін аспап	- 1 бірлік
4. Автомат және МТ жүйесінің тапаншасы	- жұптасқан жасақшаға 1 бірлік бойынша
5. Броньды кеудеше	- әр штаттық бірлікке
6. Қорғаныс, оққа төзімді дулыға	- әр штаттық бірлікке
7. Кісендер	- 2 дана
8. Дәрі-дәрмектер жинағы бар медициналық қобдиша	- 1 жинақ
9. Жүргізуші куәлігі мен КҚТК-нің қолдан жасалғанын анықтайтын шағын аспап	- 1 бірлік
10. Жол белгілері	- 2 бірлік
11. Қалта шамы	- 2 бірлік
12. Мобильдік терминал	- 1 бірлік
13. Борттық компьютер	- 1 бірлік

Қазақстан Республикасы
ішкі істер органдарының
жол қозғалысы қауіпсіздігін
қамтамасыз ету жөніндегі
нұсқаулыққа 5-қосымша

Стационарлық бекеттердің тиесілік табелі

1. Қазақстан Республикасы ІІМ ТҚД-ның деректер базасына қосылған модемдік байланысы бар компьютер	1 жиынтық
2. Стационарлық радиостанция	1 жиынтық
3. Тасымалы радиостанция	2 дана
4. Жерсеріктік радиобайланыс терминалы	1 дана
5. «Поток», «Сова» типті айдап әкетілген және ұрланған көлік құралдарын анықтайтын автоматтық жүйелер	1 дана
6. Дауыс зорайтқыш дабыл қондырғылары	1 дана
7. АТС телефон аппараты (қалалық нөмірі болған жағдайда)	1 дана
8. Мәжбүрлеп тоқтатуға арналған құрал	2 дана
9. Броньды кеудеше әр штаттық бірлікке	әр штаттық бірлікке
10. Қорғаныс, оққа төзімді дулыға әр бірлікке	әр бірлікке
11. Кісендер	2 дана
12. ЖК және КҚТҚ қолдан жасалғанын анықтайтын «Confirm-3М» арнайы шамы	2 дана
13. ОЛД-41 типті ультракүлгін сәулелерінің көзі	1 дана

14. Жол белгілері 4 дана
15. Қалта шамы 2 дана
16. 4,5* үлкейткіш шыны 1 дана
17. Жедел-техникалық құралдарды сақтауға арналған шкаф 1 дана
18. Дәрі-дәрмектер мен құралдар жинағы бар медициналық кобдиша:
- 1) 0,06 №-10 валидол таблеткалары
 - 2) 3,0 калий перманганаты (марганцовка)
 - 3) 10% аммиак ерітіндісі 1,0 мл.-10 ампула
 - 4) йод ерітіндісі, 5% спирт 10,0 мл
 - 5) 5x10 стерильденбеген дәкеден жасалған таңғыш
 - 6) 5x10 стерильденген дәкеден жасалған таңғыш
 - 7) гигроскопикалық медициналық мақта
- 8) Эсмарх қан тоқтатын жгут немесе ұзындығы 1 метр, ішкі диаметрі 8 мм. медициналық резеңке түтік
- 9) бактерицидтік лейкопластырь
 - 10) №1, №2, №3 созылмалы түтік тәрізді таңғыш
 - 11) екі жастықшасы бар алғашқы жәрдем көрсететін медициналық таңу пакеті
19. Фотожарқыраушы бар фотоаппарат 1 дана
20. Саты-баспалдақ 1 дана
21. Медициналық зембілдер 1 дана
22. Автономды электрмен қоректендіру көзі 1 жинақ
23. Тасымалы радиостанциялардың батареяларын зарядтау құрылғысы 1 жинақ
24. Патрульдік автомобиль немесе патрульдік мотоцикл бекетке -1

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
і ш к і і с т е р о р г а н д а р ы н ы ң
ж о л қ о з ғ а л ы с ы қ а у і п с і з д і г і н
қ а м т а м а с ы з е т у ж ө н і н д е г і
нұсқаулыққа б-қосымша

Нысан

Қозғалыс жылдамдығын өлшегіш құралдарды пайдалануды есепке алу ЖУРНАЛЫ

(атауы)

зауыттық № _____

--	--	--	--	--	--	--	--

Күні	Аспап ты қол данға н қызме ткерд ің тегі	Аспап тың нақты сағатта ғы жұмыс істеу ұзақтығы	Анықтал ған жол қозғалы сы ережелері н бұзу саны	Аспап тың анық талған ақау лығы	Қайда және қашан жөндеуге тапсырылды	Ақаулық тарды жою туралы белгі және тексеру күні	Ескертпе л
1	2	3	4	5	6	7	8

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
і ш к і і с т е р о р г а н д а р ы н ы ң
ж о л қ о з ғ а л ы с ы қ а у і п с і з д і г і н
қ а м т а м а с ы з е т у ж ө н і н д е г і
нұсқаулыққа 7-қосымша

ЖППСБ кезекші бөлімінде болуы тиіс қызметтік анықтамалық материалдар мен басқа да қызметтік құжаттамалар ТІЗБЕСІ

1 Қызметтік құжаттама

1. Жол қозғалысының қауіпсіздігі, ішкі істер органдары кезекші бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру жөніндегі нормативтік құқықтық актілер.

2. Саптық бөлініс кезекші бөлімінің ИМ, ИБ-нің, қалалық және аудандық ішкі істер органдарының, әскери жол полициясының, Ұлттық қауіпсіздік комитеті аумақтық органдарының, төтенше оқиғалар жөніндегі аумақтық органдарының кезекші бөлімдерімен, жол, коммуналдық, автокөліктік ұйымдармен, медициналық мекемелермен байланыс сызбасы.

3. Іздеу және қоршау іс-шараларының жоспарлары.

4. Дабыл бойынша жеке құрамды хабардар ету және жинау сызбасы.

5. Эпизодтық іс-шараларды өткізу кезіндегі жол қозғалысының қауіпсіздігін қ а м т а м а с ы з е т у ж о с п а р л а р ы .

6. Қазақстан Республикасының облыстары мен қалаларына бекітілген автокөлік құралдарына нөмірлік белгілер серияларының тізбесі.

7. Қазақстан Республикасында тіркелетін шетел азаматтарының автомобильдеріне нөмірлік белгілерді бекіту тізбесі.

8. Халықаралық автомобильдік қатынас үшін ашылған автомобиль жолдарының және олардың учаскелерінің тізбесі.

9. Бекеттер мен патрульдеу бағыттарының орналасуы.

10. Кіріс және шығыс жеделхаттар, телефон хабарламалары папкасы.

11. Бекеттік ведомостер кітабы.

12. Көлік құралдарының шығу және қайтып келу журналы.

13. Қару-жарақты және арнайы техникалық құралдарды беру және қабылдау ж у р н а л ы .

14. Көшелер мен жолдар жағдайындағы кемшіліктерді, жол қозғалысын реттейтін техникалық құралдардың бұзылуын есепке алу журналы.

15. Арнайы техникалық құралдардың ақаусыздығын және олардың бұзылуын тексеруді есепке алу журналы.

16. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамаларды есепке алу журналы.

17. Жедел кезекшінің жазбалар дәптері.

18. Жол-көлік оқиғасын есепке алу журналы.

19. Азаматтардың өтініштерін қабылдау журналы.

20. Келушілерді есепке алу журналы.

21. Іздеу салынған көлік құралдарын есепке алу журналы.

22. Кезекші бөлімге жеткізілген адамдарды есепке алу кітабы.

23. Ұсталған көлік құралдарын беру журналы.

24. Кезекшілікті қабылдау және тапсыру кітабы.

25. Жол-көлік оқиғаларын және жол қозғалысы ережелерін бұзуларды ресімдеу үшін белгіленген бланкілер жинағы.

2. Картотекалар және анықтамалық материалдар

1. Патрульдеу бағыттары мен бекеттердің картотекалары. Жол-патрульдік полициясы бөлінісінің жеке құрамы мен басшы құрамының мекенжайлары және телефон нөмірлері көрсетілген әліпбилік тізімі (картотекасы).

2. Кезекшінің әрекет ету тізбесі бар картотека:
жол-көлік оқиғасы кезіндегі;
оқиға орнынан қашып кеткен жүргізушілер мен көлік құралдарын іздестіру және ұстау жөніндегі;
айдап әкетілген және ұрланған көлік құралдарын, іздеу жарияланған қылмыскерлерді іздестіру жөніндегі;
қоғамдық тәртіпті топтасып бұзу қаупі туындаған кездегі;
қар басу, көктайғақ, тұман түсу, су тасқыны кезіндегі;
өрт, эпидемия, эпизоотия, зілзала және басқа да төтенше жағдайлар кезіндегі.

3. Патрульдеу бағыттары мен бекеттердің, сондай-ақ радиобайланыс нашар өтетін аймақтардың орналасу орны көрсетілген қызмет көрсету аумағының картасы.

4. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінуінің, облыстың, қаланың автомобиль жолдары мен темір жолдары көрсетілген картасы.

5. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінуі анықтамалығы, облыстық, қалалық (аудандық) мекемелердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың мекенжайы, телефондары көрсетілген анықтамалық; алаңдардың, көшелердің,

орамдардың, кенттердің атаулары, қоғамдық көліктің бағыттары және басқа да мәліметтер көрсетілген, облыстық, қалалық (аудандық) телефон желісі абоненттерінің атаулары.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

і ш к і

і с т е р

о р г а н д а р ы н ы ң

ж о л

қ о з ғ а л ы с ы

қ а у і п с і з д і г і н

қ а м т а м а с ы з

е т у

ж ө н і н д е г і

нұсқаулыққа 8-қосымша

Нысан

Мұқабаның сыртқы беті

ҚЫЗМЕТТІК КІТАПША

(атағы, тегі, аты, әкесінің аты)

(бөлініс атауы)

Басталды: 20 __ жылғы « ____ » _____

Аяқталды: 20 __ жылғы « ____ » _____

Мұқабаның ішкі жағы

Қызметтік кітапшаны жүргізу ережесі

1. Қызметтік кітапшамен патрульдік-бекеттік қызмет өткеруге жұмылдырылатын полицияның саптық бөліністерінің барлық қызметкерлері қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

2. Қызметтік кітапша ПО-ның хатшылығында немесе полицияның саптық бөліністерінде тіркелуі, барлық парақтар нөмірленуі, полицияның саптық бөліністерінде сақталуы және қызметкерлерге патрульдік-бекеттік қызмет өткеру кезеңінде ғ а н а б е р і л у і т и і с .

3. Бөліністе 3 жыл ішінде сақталады. Қызметтік кітапша форматы - А6.

4. Қызметтік кітапшаға ПБЖ нұсқауларында берілген оқиғалар туралы ақпарат, сондай-ақ патрульдік-бекеттік қызметті өткеру кезінде кезекші беретін ақпарат, қызмет көрсететін патрульдік учаскедегі жедел жағдайдың өзгеруі туралы ақпарат, ПО-ға жасақша жеткізген азаматтар, қылмыстар туралы хабарлаған азаматтар, оқиға орнында түсініктеме алынған адамдар туралы а қ п а р а т ж ә н е т . б . ж а з ы л а д ы .

5. Барлық жазбалар анық және түсінікті, қаламсаппен немесе қауырсын (г е л ь д і) қ а л а м ы м е н ж а з ы л у ы т и і с .

6. Қызметтік кітапшада қызметке қатысы жоқ ақпарат қамтылған бөгде жазбалар жасауға, қызметтік кітапшаны қызмет өткеру үшін басқа адамға беруге немесе тапсыруға тыйым салынады.

7. Полицияның саптық бөліністерінің қызметкері жазба жасау ережесін бұзғаны және қызметтік кітапшаны тиісті пайдаланбағаны үшін дербес жауап береді.

Ереже мен таныстырылды

(Т.А.Ә., қолы)

Ішкі жағы

I. Мекенжайлар мен телефон нөмірлері

№ р/с	Атауы (мемлекеттік билік органдарының, ПО-ның, ұйымның)	Телефон нөмірі	Ескертпе
1	2	3	4

II. Қызмет өткеруді тексеру

Тексерілген күні мен уақыты	Ескертулер, ақпарат	Тексерушінің лауазымы, тегі
1	2	3

III. Нұсқамада және қызмет өткеру кезінде алынған жазбалар

Күні және уақыты	Алынған ақпараттың (тапсырманың) қысқаша мазмұны, оның ішінде қылмыскерлердің және ұрланған мүліктің белгілері	Қабылданған шаралар
1	2	3

IV. Басқа жазбалар

Қ а з а қ с т а н
і ш к і
ж о л

і с т е р
қ о з ғ а л ы с ы

Р е с п у б л и к а с ы
о р г а н д а р ы н ы ң
қ а у і п с і з д і г і н

Нысан

Көшелер мен жолдар жағдайындағы кемшіліктерді, жол қозғалысын реттейтін техникалық құралдарының бұзылуын есепке алу журналы

(бөліністің атауы)

20 ____ ж. " ____ " _____ басталды.
20 ____ ж. " ____ " _____ аяқталды.

р/с №	Ақпараттың келіп түскен күні мен уақыты	Анықталған кемшіліктер, зақымданулар туралы хабарланған адамның тегі мен аты-жөні	Кемшіліктер, зақымданулар анықталған жол, көше, қиылыс	Кемшіліктердің, зақымданулардың сипаттамасы	Кемшіліктерді, зақымдануларды жою қажеттігі туралы хабарлама кімге және қашан берілді	Кемшіліктердің зақымдануларды жойылған күні жойылғандығы туралы баяндаған адамның аты-жөні